

ШӘКІР АҚЫННЫҢ МҰРАЖАЙЫ

Таяуда Абай ауданының Құндызды ауылында халық ақыны, сөз өнерінің асқан шебері Шәкір Әбенұлының мұражай үйі ашылды. Осы мәдени оқиғаның куәсі болуға шақырылған қонақтар алдымен ақынның зиратына гүл қойып, тағзым етті.

Мұражайдың тұсаукесеріне арналған жиынды Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени, әдеби-мемориалдық қорық-мұражайының директоры Төкен Ибрагимов ашты.

Шәкерім атындағы Семей мемлекеттік университетінің доценті Айбар Қадыров және Абай мұражайының бөлім меңгерушісі Маржан Біржанқызы Шәкір Әбенұлының өмірі мен шығармашылығының кей тұстарына тоқталды.

Бұдан соң Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің бөлім бастығы Болат Қабылбаев, облыстық мәдениет басқармасынан: облыстық өлкетану мұражайының директоры Төлеген Өтейханұлы, Семей қаласы әкімінің атынаң қоғамдық келісім және тіл саясаты бөлімінің бастығы Еділ Асылбек, Абай ауданы әкімінің орынбасары Нұрғазы Жүнісжанов, республикалық Абай қорының президенті Балтабек Ерсәлімов, Қарауылдағы жас ақындар мектебінің жетекшісі, ақын Төлеген Жанғалиев және басқалар құттықтау сөз сөйлеп, тарту-таралғысын жасады.

Белгілі әншілер Баян Сағымбаева, Келденбай Өлмесеков, Амангелді Жікенов өнерімен шашу шашты.

Осыдан кейін жаңа мұражайдың лентасы қиылып, меймандар мен ақынның жерлестері Шәкір мұражайының бес бөлімнен тұратын экспозициясын көріп, тамашалады.

Олар ғасырға жуық жасаған қарт ақынның 40 жылдай тұрған үйінің қайта салынып, әсем ғимаратқа айналуына және ішкі безендірілуі ұлттық нақышта және бүгінгі талапқа сай болуына еңбек сіңірген Семейдегі "Құрылыс" (басшысы Е. Шарапов) және Өскемендегі "Терме" (басшысы К. Ақашева) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктеріне ризашылығын білдірді.

Соңынан абыз ақын Шәкірге арналып құран оқылып, ас берілді.

Е. ОРАЗБЕКҰЛЫ.